



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

абсолютного вето. Кроме того, у короля остается значительная исполнительная и судебная власти. Билль стал долговременной основой английской конституционной монархии, закрепив раз и навсегда верховенство парламента в области законодательной и финансовой политики.

В заключении, хотелось бы сказать, что Билль о правах не устанавливал прямого парламентского правления; король по-прежнему обладал правом выбирать и смещать министров, судей, а также правом созыва и роспуска парламента. Но фактически Билль о правах ознаменовал собой установление в Англии режима конституционной монархии, оформил классовый компромисс буржуазии и дворянства. Отличительной характеристикой британского конституционного права является его некодифицированность, то есть нет какого-либо единого документа, который можно было бы назвать основным законом страны. Такие правовые акты как Великая хартия вольностей (1215); Хабеас корпус акт (1679); Билль о правах (1689); Акт о престолонаследии (1701), Акт о Союзе (1706–1707), которые были приняты еще до XXI века действуют в настоящее время и относятся к одному из источников Конституции Великобритании, а именно к статутам.[9] Это говорит о юридической значимости данных документов. Я считаю, что Билль о правах оставил свой исторический след, так впоследствии английский Билль о правах послужил примером для «Декларации прав штата Виргиния» 1776 г. и первых 10 поправок к Конституции США 1791 г.[10]

Список использованных источников

1. Энциклопедия Юриста: [Электронный ресурс]. URL: <http://eyu.sci-lib.com/article0000187.html> Обращение 18.11.2014 г.
2. см, Билль о правах – первая «конституция» нового времени/Музей права: [Электронный ресурс]/ – Электрон. дан. – Юридический ресурс России – Законы – Информационно – Правовой портал. URL: <http://www.zakonia.ru/site/2042/bill-o-pravakh-pervaja-konstitutsija-novogo-vremeni> Обращение 18.11.2014 г.
3. Энциклопедический словарь/ Билль о правах в Великобритании: [Электронный ресурс]. URL: <http://dic.academic.ru/dic.nsf/es/70792/bill> Обращение 18.11.2014).
4. Английский Билль о правах (1689): [Электронный ресурс]. URL: <http://www.textreferat.com/referat-986-1.html> Обращение 17.12.2014 г.
5. см, Википедия/ Великая Хартия Вольностей: [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Великая_хартия_вольностей Обращение 17.12.2014 г.
6. см, Энциклопедический словарь/ Билль о правах в Великобритании: [Электронный ресурс]. URL: <http://dic.academic.ru/dic.nsf/es/70792/bill> Обращение 17.12.2014 г.
7. Мегаэнциклопедия Кирилла и Мефодия: [Электронный ресурс]. URL: <http://megabook.ru/article/Билль%20о%20правах%20в%20Великобритании> Обращение 17.12.2014 г.
8. Английский Билль о правах (1689): [Электронный ресурс]. URL: <http://www.textreferat.com/referat-986-1.html> Обращение 17.12.2014 г.
9. Википедия: [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Конституция_Великобритании Обращение 17.12.2014).
10. Государство и право: [Электронный ресурс]. URL: http://knowledge.allbest.ru/law/3c0b65625a2bc68b5d43a88421306d27_0.html Обращение 17.12.2014 г.

УДК 346.12.1

САЛЫҚ ДОКТРИНАСЫ МЕН САЛЫҚ САЯСАТЫ АРА-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сактаганова Индира Советовна

Салық доктринасы дегеніміз – ол салық салудың ақиқаттылығын, айқындылығын, дұрыстығын түсіндіретін атақты зерттеушілердің ой-пікірлері мен ілімдердің жиынтығы.

Салықтар, салық салу және салықтық құқық жөнінде кезінде А.Смит, Д.Рикардо, А.Лаффер, У. Петти, М. Сперанский, кейіннен бұрынғы Кеңес кеңістігі мен қазіргі егеменді еліміздің ғалымдары М. Оспанов, А. Худяков қалыптастырған маңызы зор теориялар, экономикалық және құқықтық көзқарастар осы салықтардың қоғам мен мемлекет үшін маңыздылығын дәлелдеп отыр [1].

Салықтарды реттеуде салық доктринасы жиі өз қолданысын табады. Оған мысал ретінде, бүкіл экономикалық конъюктураны ынталандырудың ірі шараларына негіз болған 80-жылдарда АҚШ үкіметінің басына келген Рейген әкімшілігінің салықтарды едәуір қысқартуы жатады. Бұл бағдарламаның теориялық негізі ретінде американ экономисі А. Лаффердің есебі алынған. Ол салықты азайтудың нәтижесінде мемлекеттің экономикалық өсуі мен табыстың көбеюін дәлелдеді. Лаффердің ойынша, корпорациялар табысына шектен тыс салық ставкасын көтеру олардың күрделі қаржыға деген ынтасын жояды, ғылыми-техникалық прогресті тежейді, экономикалық өсуді баяулатады, сөйтіп мемлекеттік бюджеттің түсімдеріне кері әсер етеді. Мемлекеттік бюджет пен салық ставкасының арасындағы тәуелділік Лаффер графикалық бейне ретінде көрсетті – ол *Лаффердің қисық сызығы* деп аталады. Салықты одан әрі көбейту еңбек пен кәсіпкерлік ынтасын төмендетіп, 100 пайыздық салық салу мемлекеттік табысты нөлге теңейді, өйткені ешкім де тегін жұмыс істегісі келмейді. Басқаша айтқанда болашақта шектен тыс салықты азайту қор жинауды, инвестицияны, жұмыспен қамтуды арттырып жиынтық табыстың көлемін ұлғайтады. Нәтижесінде салықтық түсімдердің нәтижелілігі өседі, тапшылық азаяды, инфляция бәсеңдейді. Әрине Лаффердің қисық сызығының тиімділігі тек еркін рынок механизмінің қалыпты жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл теорияға сын тұрғысынан терең талдау жасамай, мынаны ғана атап өтуге болады. Лаффердің қисық сызығының тиімділігі тек еркін рынок механизмінің қалыпты жағдайында ғана мүмкін болады. Жалпы рыноктық экономика жағдайында инвестицияға салық ставкасынан басқа да факторлар ықпал етеді. Бұлардың ішіндегі ең бастылары циклдық ерекшеліктер және компания тауарларына сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, олардың пайдаларының өсуі [2].

Салық саясаты дегеніміз – ол мемлекеттің салық доктринасына сәйкес жүргізілетін салық қызметі. Салық саясаты арқылы мемлекет өндіріс түрлерінің дамуын шектейді немесе тоқтатады, Қазақстан Республикасында бұл қызмет 10-20-30 пайыздық салық ставкаларымен қатар және нөл пайыздық салық ставкалары арқылы жүзеге асуда.

Салық саясаты — мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі. Салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады. Салық саясаты экономикаға мемлекеттің араласуы нәтижесінде мемлекеттік бюджетті қалыптастырады және жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымымен, экономиканың жеке секторларына салық шараларын қолдану дәрежесімен айқындалады. Мәселен, жеңілдіктер мен шегерімдердің болмашы көлемімен ұштастырылатын кең ауқымды салық негізі салық салудың біркелкі мөлшерде болуын қамтамасыз етіп, экономиканың жекеше секторына ресурстарды орналастыру үдерісіне мемлекеттің араласуы ауқымын төмендетеді [3].

Салық саясатының түрлері:

1) дискрециялық салық саясаты – әлеуметтік, экономикалық факторларға нормативтік-құқықтық актілер, реформалар және басқа да шаралар арқылы әсер ету. Бұл

шаралар төлем балансының жағдайын, инфляция қарқынын, өнім көлемін, жұмысбастылық деңгейін өзгертуге бағытталған. Дискрециялық негіз өзгеріп отыратын экономикалық жағдайға сәйкес салық заңнамасына түзетулер енгізуді: салық мөлшерлемесін өзгертуді, салық жеңілдіктерін енгізуді немесе алып тастауды, т.б. шараларды көздейді. Ол мемлекетке реттеу құралдарын кең көлемде таңдау мүмкіндігін береді. Алайда бұл мемлекеттің экономикалық үдерісті немесе жағдаятты танып-білуіне, шешім қабылдауына және ықпал етуіне теріс әсерін тигізеді [4].

2) бейдискрециялық салық саясаты – әлеуметтік, экономикалық құбылыстардың нарық экономикасының талаптарына сәйкес өз бетінше дамуы. Жалпы ұлттық өнімнің өсуі (төмендеуі) кезеңдерінде мемлекет бюджетіне түсетін таза салық салымдарының дағдылы түрде өсуін (төмендеуін) бұл саясат қарастырады. Бейдискрециялық салық саясаты негізінен орта мерзімдік циклді кезеңділікті реттеуге бағытталған реттеуіштер элементтері болып табылады. Саясаттың бұл түрінің негізі — жеке табыс салығында және корпорациялардың пайдасына салынатын салықта үдемелі табыс салығын салу: экономикалық өрлеу кезеңінде — шаруашылық субъектілерінің табысынан бюджетке алу нормасын арттыру, дағдарыс пен тұралау кезеңінде — осы норманы төмендету. Сөйтіп, өрлеу кезеңінде жиынтық сұранымның мөлшеріне тиісінше ықпал ету есебінен экономикалық өсу тежеледі және дағдарыс кезеңінде ынталандырылады. Бейдискрециялық салық саясатында жоғарыда аталған кешеуілдеулер болмайды, бірақ мұнда мемлекеттің қолында реттеуші құралдардың саны аз болады [4,2].

Түрлі елдердің салық саясаты түрлі элементтердің ұштастырылуымен сипатталады: тікелей салықтар бөлігінде табыстарды өздігінен реттеу жағдайларын жасау үшін үдемелі шекілдер пайдаланылады, жанама салықтар бөлігінде дискрециялық саясат қолданылады. Инфляциялық үдерістер кезінде бейдискрециялық салық саясатының пәрменділігі төмен: табыстың ұдайы өсуіне қарай инфляция салдарынан салық салу нормасы да ұдайы жоғарылап отырады. Қазақстанда жаңа салық жүйесі қатаң саяси, экономикалық және құрылымдық өзгерістер жағдайында қалыптасты. Салық жүйесінің өзгертілуі Салық кодексінде қарастырылған, ол, жалпы мемлекеттік мүдде мен жеке меншік мүдделерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін, кәсіпкерлікті дамытуға, инвестициялық қызметті жандандыруға, еліміздің ұлттық байлығын молайтуға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, салықтың санын азайтуға және жалпы салық ауыртпалығын азайтуға септігін тигізетін ұтымды салық жүйесін құру міндетін шешуге бағытталған [5].

Салық саясатының ең үздік тәжірибесі Норвегия, Швеция, Финляндия, Дания және Исландия (Скандинавия елдері) – кәсіпкерлік пен жоғары салық жүктемесіне негізделген дамыған инновациялық экономикасы бар мемлекеттердің үлгісі. Швецияда салық жүйесі 1960 жылдары бүтіндей өзгерді. 1975 жылы Премьер-министр Улоф Пальме кезінде салық ставкасының жоғарғы шегі 87% жетті. Сенуге таңқаларлық, бірақ 1990 жылы салық жинағы мемлекеттің ЖІӨ 52,3% құрады. Қазіргі таңда бұл көрсеткіштер азайған, бірақ бәрібір скандинавия мемлекеттерінің ішкі өнімінің көп бөлігін әлі де салықтар құрайды (45,8% - Швецияда, 43,6% - Норвегияда и Финляндияда, 40,4% - Исландияда және 49% - Данияда) [6].

Қазір Скандинавияның салық жүктемесінің деңгейі – әлемдегі ең жоғарғы жүктемелерінің қатарында. 2012 жылғы KPMG мәліметтеріне сәйкес, бұл қатардағы мемлекеттер салық салудың ең жоғарғы салық жүктемесімен ерекшеленеді: Швецияда бұл көрсеткіш ең бай азаматтардың табысынан - 56,6%, Данияда - 55,4%, Финляндияда - 49%, Норвегияда - 47,8% және Исландияда - 46,2% [6,2].

Скандинавиялық салық саясатын басқалардан ең басты ерекшелігі – мемлекеттің және бизнестің адами капиталға теңдессіз инвестициялары. Сондықтан бұл елдердің тұрғындары өз табыстарының көп бөлігін беруге қорықпайды. Өйткені олар ертеңгі күні бұл ақшалары әлеуметтік қамсыздандыру түрінде қайтып оралатынына және шенеуніктердің қалталарына кетпейтініне сенімді [7].

Мемлекетте салықтық саясат салықтық механизм арқылы іске асырылады. Салықтық механизм - салықтық саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы болып табылады, сонымен

қатар салықтық механизм - нақты салықтық қызметтердің жиыны ретінде қарастырады. Осы мағынасында салықтық механизм практикада салық заңдылығын жүзеге асырудың ережелері мен шарттарының жиынтығын білдіреді. Қандай да болмасын мемлекеттің салық саясаты салық заңдылықтарын қабылдау, нормативтік актілерді бекіту, салықтардың түрлерін белгілеу, төлеушілердің ауқымын, ставкасын, жеңілдіктерін, төлеу мерзімдерін және салықтарды төлеу тәртібі, салықтық заңды бұзушылардың жауапкершілігі, бюджет жүйесі арқылы салықтарды бөлу, бір сөзбен айтқанда салық механизмі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да тәжірибелік қызметте салықтық теория талаптарын бұзбау үшін заңдылығына сүйену қажет, салықтық механизм, салықтық құқыққа, салықтық басқару негіздеріне сүйеніп, салықтық қатынастарды ықшамдауға мүмкіндік береді.

Салықтық механизм құрылымы.

Салықтық механизмнің келесідегі элементтері бар:

1. Салықтық жоспарлау және болжау.
2. Салықтық реттеу.
3. Салықтық бақылау.

Салықтық жоспарлау және болжау.

Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда жоспарлау маңызды орын алады өйткені бюджет кірістерін жоспарлау қаржылық жоспарлау мен болжаудың маңызды элементі болып табылады [8].

Салықтық саясатты іске асруда салықтарды қалай және қандай мөлшерде жинау керектігі туралы сұрақ негізгі болып табылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу басқарудың белгілі тетіктеріне сүйенеді. Осындай тетіктердің бірі болып салықтар табылады. Салықтардың реттеуші функциясы салықтық механизм көмегімен мемлекеттің салықтық саясатының міндеттерін шешуге бағытталған. Сонымен қатар бұл функция салықтардың инвестициялық процеске, өндірістің өсуі мен тоқтауына және оның құрылымына әсерін білдіреді [9].

Салықтық бақылау. Салықтық бақылау – салықтық механизмнің элементі, қаржылық бақылаудың құрамдас бөлігі. Салықтардың бақылау арқылы бюджетке салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің уақытында және толығымен түсуіне бақылауды іске асырады. Салықтық бақылаудың мақсаты салықтан жалтаруды болдырмау. Салықтық бақылау объектісі болып мемлекеттің ақшалай қорлары құрылатын салықтық қатынастардың жиынтығы[9].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алибекова С.Т. Налоговое право Республики Казахстан (Общая и. Особенная части): Учебник (Издание 2-е, дополн. и исправл.). – Алматы, 2013.
2. Найманбаев С.М. Салықтық құқық (Оқу құралы). – Алматы, 2006. –191 б.
3. Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу»: әдістемелік оқу құралы. Шымкент, 2004.
4. Ермекбаева Б.Ж., Арзаева М.Ж. «Шет мемлекеттер салықтары». - Алматы, 2004.
5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV Кодексі.
6. Юткина Т.Ф. Налоги и налогообложение: Учебник. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: ИНФРА - М, 2001. –576 с.
7. Петрова Г.В. Налоговое право: Учебник для вузов. М. 2000. – 266 с.
8. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу. Оқулық- Алматы, 2006. - 525 б.
9. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». - Астана, Фолиант, 2005.